



**АНАҒА
ТАҒЫМ**

2-бет



**БАЛАҒАТ СӨЗ
АЙТҚАНДАРҒА
ЖАЗА ҚАТАЛ**

5-бет



ЖЫМЫҚ

8-бет

✉ zangazel@mail.ru

№97 (3628) 26 желтоқсан 2023

ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰЛТТЫҚ ЖОБАЛАР ҰШПАҚҚА ШЫГАРМАДЫ



Қазақстанда келесі жылдан бастап 2021 жылғы 12 қазандағы Үкімет қаулыларымен қабылданған 9 Ұлттық жобаңың күші жойылады. Оған «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» 2023 жылғы 28 қыркүйектегі №828 қаулы түрткі болып отыр.

(Соны 3-бетте)

МӘСЕЛЕ

**ОТБАСЫЛЫҚ
ЗОРЛЫҚ-
ЗОМБЫЛЫҚ:
тараптардың татуласу
мүмкіндігі шектелді**

Отбасындағы тұрмыстық зомбылық – өзекті әлеуметтік мәселе. Оны жасагандарға жауаптылық Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің «Жеке бастың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар» деп аталағын 10-тараудағы бірқатар бапта қарастырылған.

Бұғаңға таңда отбасылыш-тұрмыстық қатынастар саласындағы зансыз әрекеттер тыйылмай келеді. Тіпті ол қалыпты жағдайға айналып бара жатқандай. Соған орай зорлық-зомбылыққа қатысты заңға енгізілген маңызды өзгерістерді бірлесе талқылап, түйткілең занды түрде тоқсауыл қоюдің тетігін қарастырган жен.

Статистикалық көрсеткішке сүйенсек, 2022 жылды Орал қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөнінде 1 мамандандырылған сотында тұрмыстық зорлыққа қатысты 511 іс қаралып, 29 әкімшілік іс тараптардың өзара бітімгершілікке келуіне байланысты медиация тәртібімен қысқартылған. 266 тұлғаға ескерту берілсе, 212 тұлға қамаққа алынып, 4 тұлғаға айыппұл түріндегі жаза тағайындалған. Ал 2023 жылды 1034 іс қаралып, 43 әкімшілік іс тараптардың өзара бітімгершілікке келуіне байланысты қысқартылған. 651 тұлғаға ескерту берілсе, 324 тұлға қамаққа алынып, 15 тұлғаға айыппұл салу түріндегі жаза тағайындалған. Бұл көрсеткіш отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер 2022 жылға қарағанда 2023 жылды екі есе, яғни, 51 пайызы артқандағын көрсетеді.

ӘКБТК-нің 73-бабында құқық бұзушыға қатысты ескерту, не үш тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу түріндегі жазалар қолданылып келген болатын. Ал, 2020 жылғы өзгерістерге сәйкес, мұндай құқық бұзушылық жасаған адамдарға тағайындалған жаза ескерту жасау немесе бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу болып бекітілді. 2023 жылдың 20 сәуірінде атапған жаза ескерту жасауға не бес тәулікке әкімшілік қамаққа алу болып заңда нақтыланды.

(Соны 2-бетте)

ЖАНАШЫР

МЫҢ ШАҢЫРАҚТЫ ШАЙҚАЛТАЙ САҚТАП ҚАЛҒАН СУДЬЯ

Билік айтқанның, бәрі би емес, бітімін тапқан би! Осындаі ел білестін, жүрт танитын бітімгер бидің, бірі – Шымкент қаласының, азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының татуластыруши судьясы Еркен Отарбаев. Әрине, судья Е.Отарбаевқа мың шаңырақты шайқалтай сақтап қалу оңайға түскен жоқ. Оның осы жолда он жылға жуық тер төккөнін біреу білсе, біреу білмес. Сол білмейтіндерге Еркен Бостанбекұлын таныстырган жөн шыгар.

Ізденген жетер мұратқа

Мен Ерекенді Әділет министрлігінің Оңтүстік Қазақстан облыстық Сот актілерін орындауда департаментінде белім басшысы болған кезінен танитын едім. Одан бері де зымыран он үш жыл өтті. Сол кезде департаментте қызмет істейтіндер «Отарбаев болмаса, мекеменің жұмысы жүрмей қалатын шыгар» дейтін. Өйткені ол күнтү демей, мындаған сот актісінің орындалуы үшін бар білім мен күш-жігерін жұмсайтын. Бір сәзбен айтқанда, Отарбаевтың өзге қызметкерлерден ол бойы озық екенін бәрі білестін.

Еркен Бостанбекұлы еңбек жолын 1994 жылы Еңбекші аудандық халық сотында ең темені қызмет – сот мәжілісінің хатшысынан бастап, сот жүйесінде 29 жылдан астам еңбек еткен. Сатылап есіп, 20 жылда ОҚО Сот актілерін орындауда департаментті басшысының орынбасарына дейін көтерілді.

Ол 1994–2000 жылдары Еңбекші аудандық халық сотында сот мәжілісінің хатшысы, сот орындаушы, одан кейін ОҚО Сот актілерін орындауда департаменттің сот орындаушы болып істеді. 2001–2008 жылдары осы департаменттің Тұлқибас аумақтық бөлімінде аға сот орындаушы, одан кейін облыстық департаменттің үйімдастыру бөлімінде басшы, басқарама бас-

тығы болды. Ал 2011 жылдан бастап ҚР Әділет министрлігінің ОҚО Сот актілерін орындауда департаментті басшысының орынбасары қызметтін абыраймен атқарып, 2014 жылдың тамыз айында Мемлекеттік басшысының Жарлығымен Шымкент қаласы Абай аудандық сотына судья болып тағайындалды.

Тараптарды татуластыру тапқырлықты талап етеді

2014–2023 жылдары Е.Отарбаев Шымкент қаласының Абай және Еңбекші аудандық соттында татуластыруши судья болып істеді. Осы

ретте татуластыруши судьяның кім екенін айта кетсем, бұл бітімгер судья немесе судья медиатор дегенді білдіреді.

Әлбетте, татуластыруши судья болу үшін ең алдымен, адамдарды өзара келісімге, яғни бітімге келтіре алатында тапқырлық пен шешендік қабілет болу керек! Мұндай қабілет пен қасиет Еркен Бостанбекұлының бойынан табылатын. 2014 жылды қаламауда азаматтық, еңбек, жер, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастар тұнайдастын даулар, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар бойынша қаралатын істер көбейді. 2011 жылдың қалындаған «Медиация туралы» заң қолданысқа енгінімен, елімізде қаралған барлық істің небәрі 1 пайызы ғана медиация тәртібімен шешілті. Соған орай 2013 жылды 20 қарашада әткен Қазақстан Судьялар одағының VI съезінде Президент: «Медиация туралы заңнаманың жетілмелегендігі біздің елімізденгі даулы жағдайларды реттейтін соттық емес институттардың дамыуы тежеп отыр. Был барлық істің 1 пайызы ғана медиация тәтіктерін пайдаланумен қаралды. Медиация туралы отандық заңнаманы халықаралық стандарттармен сәйкестендірү керек. Бұл Қазақстанның сот жүйесіне оны ықпал етеді, соттардың жүгін жөнілдегуке септігін тигізеді» – дей келе, азаматтық процесті модернизациялап, Азаматтық процестік кодекстің жаңа жобасын жасауды тапсырыған болатын.

(Соны 6-бетте)

ШАҒЫМНЫң АЗАЮЫ УӘКІЛЕТТИ ОРГАНДАР ЖАУАПТЫЛЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ

Сот практикасындағы күрделі талқылаулардың бірі ӘҚБТК-нің 44-тарауы аясында азаматтардың шағымын қарастырумен байланысты туындаиды. Тарау үш баптан тұрады. Кодекстің 827-бабына сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық бойынша іс жүргізуі жүзеге асыратын органының әрекеттері мен шешіміне қатысты азаматтар жоғары тұрған органға және сотқа шағыммен жүгінуге құқылы. Жоғары тұрған органға алдын ала жүгіну міндетті шарт емес.

Сонын ішінде азаматтар әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттаманы жасау кезінде іс жүргізуге жауапты органының әрекеттеріне және шешіміне, атап айтқанда хаттаманың ӘҚБТК-нің 803-бабының талабына сәйкестігіне байланысты сотқа шағым көлтіре алады.

Сот практикасы көрсеткендегі, шағым түсін көзде азаматтар

мен деректемелері, сәйкестен-діру нөмірі, жұмыс орны, телефонның нөмірі және электрондық мекенжайы (егер бар болса); заңды тұлғалар үшін-занды тұлғаның атауы, орналасқан жері, мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күні, сәйкестен-діру нөмірі мен банк деректемелері, абоненттік телефон, факс, ұялы байланыс нөмірі және электрондық мекенжайы (егер бар болса);

4) әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалған орны, уақыты және мәні;

5) осы құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылықты қөздөттік кодекстің 2-бөлімінің Ерекше бөлігінің бабы; күгерлердің және жағірленушілердің тегі, аты, әкесінің аты және олардың мекенжайлары;

6) өзіне қатысты іс қозғалған жеке тұлғаның не заңды тұлға өкілінің түсіндірмесі; метрологиялық тексерістің атауы, нөмірі, күні



Жанна НҰРСАЛИНОВА,
Әскемен қаласы
әкімшілік құқық бұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған
сотының судьясы

істі қараша көзінде анықталуы керек. Өйткені атапған істі қараша көзінде сот әкімшілік құқықбұзушылық жасалғаны, оны жасауда осы адамның кінәлі екенін анықтауда міндетті. Осыдан көріп тұрғанымыздай, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы заңсыз деп тануды және оның құшын жолоды талап етеді. Алайда, азаматтар көп жағдайда дәл осы талаппен сотқа жүгінеді.

Мәселен, «А» деген азамат әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттаманың күшін жоюды талап етеп отырып, хаттама жасауда бойынша «Б. Г.» лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттерін тану туралы шағыммен жүгінді. Сот отырысы барысында «Б»-нұн іс бойынша іс қозғалған және хаттама жасағаны, ал қалғандары басшылық құрамының мүшелері екені және оларға қатысты шағымының дәлелдері үәкілетті органының үйімдастырушылық мәселелеріне қатысты екенін сот анықтады. Осыдан көріп тұрғанымыздай, шағым туындағас үшін іс қозғалған лауазымды адам қолданыстағы заңнама аясында қолдануға жататын барлық іс-әрекеттер бойынша толық жауаптылықта болатынан, егер заңнама талаптары сакталмаса, іс бойынша қатысушылардың заңды құқықтары мен мүдделері бұзылуы мүмкін екенін түсініп көрек. Әрі шағымда шағым берген адамның құқықтары қандай іс-әрекеттермен және әрекетсіздіктермен бұзылғаны көрсетілуге тиіс.

Мұндай шағымдар санының төмендеуі әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізетін лауазымды тұлғалардың өз жұмысына жауапкершілікпен қарап, оны заңға сәйкес жүзеге асыруына байланысты.

ШЫFYC ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ТАРАЗЫ

ИПГ IC

Білімді шәкірт тәрбиелеу, білікті маман қалыптастыру – ұстаздық басты міндеті. Жоғары оқу орындарын әлемге танытатын, абырайын арттыратын – мыңтың тұлектер.

БІЛЕГІНЕ СЕНБЕ, БІЛІМІНЕ СЕН!

Қазір нарықта әр сала мамандарының дайындаған жатқан білім ордалары ете көп. Бұл бәсекелестік органдар шетелдің көп жылдық тарихы бар жоғары оқу орындары да тоғыттырып отыр. Бүгінгідей дүниежүзін ғаламтор біріктіріп тұрған заманда жастардың әлем халқы мойындаған, көпшіліктің сұранысына ие болған таңымал оку орындарын таңдауда жол ашиқ. Тіл үйрениң, болашақтың халықаралық мамандықтармен байланыстарған балалардың көпшілігі осы мүмкіндікпей тайталып, шекара асып, шетелдерде білімін жетілдіріп жүр.

Біздің еліміздің жоғары оқу орындары да жұмыс саласын жақсартып, білім беру стандарттарын халықаралық талаптарға сай жаһырып, жастардың сұранысына сай білім ошағының қалыптастыруға дең қойып отыр. Сонын ішінде әл-Фараби атындағы Қазақ Үлттік университетінің отандық жоғары оқу орындарының ішінде орны белек. Тарихы теренден бастау алатын қара шаңырақ жыл сайнан әлемдік рейтингтерде қатысып, өзінің үздік университеттің екенін дәлелдеп көледі. Осы рейтингтерде әлемдесін талқылады. Кафедра менгерушісі з.ғ.д., профессор Гұлдана Қуаналиева мен профессорлық-оқытушылық құрам студенттерге құқықтарын көмек беріп, жоғары көрсетуге әрқашан әзір.

Міне, білім ордастында қысқы сессия да жақындаған қалды. Соған орай Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы мәжіліс өткізіп, шәкірттердің сынаққа дайындық мәселеlesін талқылады. Кафедра менгерушісі з.ғ.д., профессор Гұлдана Қуаналиева мен профессорлық-оқытушылық құрам студентаға құқықтарын көмек беріп, жоғары көрсетуге әрқашан әзір.

Жайсанбек АМАНЖОЛОВ,
зақылымдарының
кандидаты, әл-Фараби
атындағы ҚазҰУ кеден, қаржы
және экологиялық құқық
кафедрасының доценті

ПӘРМЕН

АЛАЯҚТЫҢ АДЫМЫ ҚЫСҚА

Қазіргі таңда алаяқтық қылымының өршіп тұрғаны жасырын емес. Ол жаған құжаттар жасауда, сенімге кіру, алдаң-арбау тагы да басқа тұрлі айла-шарғылардың қолдануары арқылы жасалып, бөттеннің мүлкіне қол сұғылып, азаматтарының әлемдегендік конституциялық құқықтары бұзылып жатыр.



Шымкент қаласының қылымыстық істер жөніндегі ауданаралық сотында 2023 жылдың 9 айында түсін 185 істің 70-не үкім шығып, 37 істің тоқтамға алынған, 35 іс бойынша шара көріліп, 12 іс қайтарылған, 7-інен іздеу жарияланған. Олардың ішінде алаяқтық қылымыстары бойынша да сот үкім шығып, жолдары кесіліп жатқан істер барышы.

Бірер мысал көлтегін болсак, өткен жылы 1975 жылы туылған Г.П. деген азаматша Б.М. деген азаматқа қайтарымысыз 2 млн теңге несие алып беремін деп үгіттеп, Б.М.-ның 1 млн 400 мың теңгесін алаяқтық жолмен иемденген. Бастау сот талқылауында сотталаушы Г.П. өз кінәсін мойындал, жәбірленушіге көтілрінен татуласуына байланысты қылымыстық жауаптылықтан босатуды сұраған. Ал жәбірленуші Б.М. өзіне көтілрігендегі материалдық шығының толығымен қайтарғанын және жәбірленушімен татуласуына байланысты қылымыстық жауаптылықтан босатуды сұраған.

Мұндай жағдайда сотталаушы Г.П.-ның іс-әрекеті ҚК-нің 190-бабы, 1-бөлігінен дәрежеленетінін, алайда жәбірленушінің кешірім беруіне байланысты сотталаушының ҚК-нің 68-бабы, 1-бөлігінен сәйкес қылымыстық жауапкершілікten босатуды сұраған. Ал жәбірленуші Б.М. өзіне көтілрігендегі материалдық шығының орны толығымен татуласағанын, сондықтан оған кешірім беретінін көрсетіп, сотқа қарсы арызын ұсынған.

Мұндай жағдайда сотталаушы Г.П.-ның іс-әрекетінің әлемдегендегі бас маманы

KIE

ӨЗ ТІЛІҢ ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

Біз көп ұлтты мемлекетпіз. Көршілөріміздің, туыстарымыздың арасында басқа ұлт бар екені жасырын емес. Құнделікті тіршілікте арапас-құралас тұрып жатқан соң, олармен өз тіліндегі сөйлесуиміздің, еш обастегі жоқ бол көрінеді. «Тұрғылыштың жерінің тіліне құрметпен қара» деп айтты үтті. Сіз-біздігіміз сыйзат деп қаймығып та қалатынымыз бар. Ал басқалар біздің қөнделімізге қарап жатыр ма?

Тіл қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс-береңенін алды, ұлттың нәрі мен ары. Тілсіз қоғам өмір сүре алмайды, тілдің өзі де қоғам бар жерде ғана пайда болып, өмір сүреді. Демек, қоғамнан тыс, белек тіл жоқ. Тіл – қоғамның жемісі.

«Тіл туралы» заңда «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді менгеру – Қазақстан Республикасының әрір адамзатының парызы» – делінген. Әрине, ұлттың ең бірінші сипаты – оның ана тілі. Ұлт анасы тіл болып есептеледі. Конституцияның 7-бабы 1-тәрмағында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп анық жазылған, Ата Заңымыздан туындаған «Тіл туралы» заңда да осы жағдай берік

берді отарға тап болған елдердін де тілдері сол держава тіліне бағынды, өз өмір сүру алдынан жасалынған.

Тіл өлсе, ұлттың да өмір сүру мүмкін емес. Сондықтан сіз қай ұлттың өкілі болмаңыз, тіл үшін күресуге міндеттісіз. Сол тілде сейліттің соңы адам болсаңыз да, тіліңіз жайында аманат қалдыруға, мұра қалдыруға тырысуыңыз көрек. Ана тілінде жазылған құнды тарихи деректер, кейінгі үрпақ үшін үлкен рөл ойнау мүмкін. Мәселен, кезіндегі орхон, руна жазулары бүгінгі көптеген түркі халықтарына тән тарихи деректердің көзін ашып беріп отыр. Ендеше, сіздің де тіл олмесе, ертеңгі үрпақ үшін, жалпы адамзат үшін үлкен мәнге ие болары сезіз. Қазақ халқы қашанда өз тілін құрметтей білген. Тіл – келешек үрпаққа аманат.

Сәкен НАХИПОВ,
Түркістан облысы
кәмелетке толмағандардың
істері жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
судьясы

Гүлнұр ТАГИБАЕВА,
Шымкент қаласы
қылымыстық істер жөніндегі
ауданаралық соты әкімшісінің
бас маманы

